

І ТУУЫ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Сейсенбі Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс еңбекшілері, біздің бақытты балаларымыз жаңа оқу жылында жақсы дайындалған жылы, жарық мектептерде оқуына керекті жағдайлардың барлығын жолындағы социалистік жарысқа ұштасайық! Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеу ісіне белсене қатысайық!

оқу пейік

ы 20 майда аяқтал-
ов, Приешім сыяқ-
үнге бірде-бір мек-
у жұмыстары қолға
л сыяқты, қысқа
тау ісіне аталған
келеді. Бұл сыяқ-
басқа аудандарында

мектептерді жөндеу
ініге дейін қолға
себебі — көптеген
ері мен мектеп бас-
ына әзірлік жөнін-
арлығын емтихан
пәрменінше өріс-
кеңге салуынан

оқу жылына әзірлеу
үіне мектептердің
ырылмауы да кері-
і, әрине, аудандық
Советтердің жұмы-
емшілік екенін айт-
Осының салдары-
н, жөндеу жұмыс-
етіріп отырса, екін-
янушылар одағының
тарды сатып ала
Боньхов, Полу-

Совет ауданының колхозшылары, жұмысшылары, қызметшілері, қоғам ұйымдары өкілдерінің

Солтүстік Қазақстан облысының барлық еңбекшілеріне үндеуі

Елімізде коммунизм құру міндеті еңбекшілер бұқарасын және әсіресе, жас өспірім ұрпақтарды тәрбиелеу жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізуді талап етеді. Сондықтан да большевиктік партия, совет үкіметі және Сталин жолдастың өзі мектепке зор көңіл бөліп, біздің балаларымыздың білімді ойдағыдай меңгеруіне, барлық жағынан жетілген, коммунизм құрылысын аяқтауға дайын болып өсуіне үнемі қамқорлық көрсетіп отырады. Халық қамқорлығына бөленген совет мектептері өзінің жұмысын жылдан-жылға жақсартып түсуде.

Білім беру, жас өспірімдерді тәрбиелеп, оқыту ісін жақсартуда мектептердің материалдық базасын нығайту шешуші шарттардың бірінен саналады.

ҚК(б)П Орталық Комитеті V пленумы осы мақсатпен әрбір мектепті ауыл-селоның көркіне айналдыруға шақырды.

Жыл сайын колхоздар мен совхоздар, жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу кезінде оған көмектесіп келеді. Балаларды тәрбиелеу үшін жақсы жағдай жасауды біздің әрқайсымыз өзіміздің патриоттық борышымыз деп білеміз.

Мектепке және оқытушыға қамқорлық

а) мектеп жасындағы балалардың анық есебін жүргіземіз және олардың мектепке тартылуын қамтамасыз етеміз, қазақ қыздарының олар жетіжылдық және орта білім алып шыққанға дейін оқумен қамтылуына ерекше назар аударамыз;

б) мектептерде өте мұқтаж оқушылардың барлығына материалдық көмек көрсетілуін қамтамасыз етерліктей мөлшерде жалпыға бірдей оқу қорын жасаймыз;

в) қосымша 3 қоғамдық интернат ашамыз (Қыялы орта мектебі, Еркіндік және Рублевка жетіжылдық мектептері жанынан);

г) Қыялы орта мектебі үшін бір үлгідегі үй құрылысын 1952 жылғы 1 сентабрге аяқтаймыз.

2. Өз инициативамызбен Сартомар, Смирнов, Рублевка жетіжылдық мектептерінің үйін және Кучков орта мектебі үшін қосымша үй саламыз, оларды 1952 жылғы 1 августан кешіктірмей пайдалануға береміз, сөйтіп, кемінде 30 класс бөлмесін пайдалануға қосамыз.

3. Ивановка, Ворошилов, Аманкелді мектептері үшін қосымша құрылыстар саламыз.

4. 15 июльге дейін 5 мектепте күрде-

барлығына қажетті оқу - көрнекі құралдарды сатып аламыз.

11. Туған өлкемізді зерттеу жөнінде туристік жорықтар, экскурсиялар ұйымдастырып, оларға кемінде 500 оқушыны қатыстырамыз.

12. Үстіміздегі жылдың жазында 3 пионерлер лагерін (Смирнов, Қыялы, Полтавка) ұйымдастырып, кемінде 450 оқушыны қамтыймыз.

13. 15 августқа дейін аудан мектептері үшін 100 парта, 35 стол, 30 шкаф, 25 класс тақтасын, сатып аламыз, сол сыяқты, 15 июльге дейін қолда бар барлық мебельдерді сапалы жөндейміз.

14. Оқытушылардың жалпы білім және идеялық дәрежесін көтеру мақсатында 1952 жылы оқытушылардың мамандығын көтеру курстарына 50 адам жібереміз, педагогика училищесінде, оқытушылар және педагогика институттарында сырттан оқуға тиісті білімі жоқ барлық оқытушылардың түгел қамтылуын қамтамасыз етеміз.

15. Оқытушылардың пәтер үй-тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында 15 августан кешіктірмей 10 тұрғын үй саламыз, 57 пәтер үйді жалға аламыз және

Мал азығының берік қорын жасайық!

Алғашқы табыстар

Оңтүстік қазақстандықтардың мал азығының берік қорын жасау жөніндегі үндеуін қолдай отырып, «Еңбек» колхозының (Ленин ауданы) мүшелері шөп шабу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді.

Шөп шабуда 4 шөп машинасы жұмыс істейді. Машинашылар К. Оспанов, П. Сапаров, К. Сағдиев және В. Тюгенов жылдастар күн сайын 4 гектар жердің пішінін шауып жүр.

Осымен қатар, шабылған шөп ат тырнаушыларымен кіреге салынауда. Шөп жыйнауда К. Мурзина, М. Қалиев және К. Дүйсенбин сыяқты колхозшылар станхановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп, күндік жұмыс нормаларын артығымен орындап жүр.

Еңбектің оңтүстік қазақстандықтарша шөп шабу жұмыстары арасында алшақтықтың болмауына жете назар аударуда. Осыған байланысты кіреленген шөп құнарлы күйінде шөмелеленіп маяға салынауда. Колхозшылар мұнымен де тынбай, шабылған шөпті осы күннен мал қоралары жанына тасып жатыр. Мұнда күн сайын мал қоралары жанына 4 арбамен шөп тасылады. Бұл жұмысқа колхозшылар, сол сыяқты, басқа да күш- мүмкіншіліктер жеткілікті бөлін-

интернат үйі жөнделіп, оқытушылар үшін 45 үй, Мамлют және Кониюхов аудандарының орталықтарында орта мектеп үйлері салынуға тиіс. Жергілікті партия, совет ұйымдары, оқу бөлімдері оқу жылына әзірлікке нақтылы басшылық жасаумен бірге, еңбекшілердің қалың бұқарасын оған жаппай жұмылдыра білсе, әрине, бұл міндеттер іс жүзінде орындалатындығы күмәнсіз.

Жаңа оқу жылына әзірлік кезінде істелетін жұмыстардың өте көп және күрделі болуына қарамастан облысымызда жаңа оқу жылына әзірлік ісі шын мәнінде өрістетілмей отыр. Бастауыш

өрістету арқылы мектептерге халық көмегін күшейте отырып, алған міндеттемелерін аброймен орындайтындықтарын білдірді. Совет ауданының еңбекшілері сыяқты облысымыздың барлық жұртшылығының бұл игілікті іске бәлсене қатысатыны сөзсіз.

Облыс еңбекшілері, біздің бақытты балаларымыздың жаңа оқу жылында жақсы дайындалған жылы, жарық, таза мектептерде оқуына керекті жағдайлардың барлығын жасау жолындағы социалистік жарысқа ұштасайық! Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеу ісіне бәлсене қатысайық!

Ферросплавшылар міндеттемесін орындауда

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ұлы Сталинге жазған хатында Ақтөбе ферросплав заводының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен 10 күн бұрын орындауға уәде берген болатын. Ақтөбенің металлургтері бұл міндеттемесін аброймен орындап келеді. Завод ферросплав шығарудың бес айлық жоспарын асыра орындады. Тапсырмадан тыс көптеген жоғары маркалы металл берілді. Айналмалы қаражаттың айналымы бірнеше күнге тездетілді.

Заводта стахановшылар қатары көбеюде. Ферросплавшылардың жартысынан көбі сменалық нормасын күн сайын асыра

орындап келеді. ССРО Қара металлургия министрлігі стахановшылардың едәуірін «Социалистік жарыстың озаты» деген значекпен наградады. Бұлардың ішінде металл қорытушылардың бригадирі Иван Блинников бар. Оның инициативасы бойынша заводта әрбір пеште үздіксіз комплексті жұмыс істейтін бригадалар ұйымдастырылған болатын. Наград алғандардың ішінде Қазақстанның таңдаулы металлургтері Павел Қапралов, республиканың Жоғарғы Советінің депутаты Смағұл Үкібаев, электр слесарь Делеу Оразбеков бар.

Шымкент металлургтерінің рапорты

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкенттің М. И. Калинин атындағы Ленин орденді қорғасын заводының металлургтері еңбекте жаңа жеңіске жеткені туралы рапорт берді. Завод коллективі бес айлық жоспарды асыра орындады. Еңбек өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда 20 проценттей артты, пештерді, механизмдерді пайдалану ісі жақсара түсті.

Қорғасын қорыту цехының коллективі де жұмыс қарқынын күшейтуде. Мұнда шихта қорыту өткен жылғыдан бір жарым

еседей артып, рудадан металл көп алынады.

Агломерация цехының коллективі тамаша табысқа жетті. Магнитогорск металлургтерінің үлгісі бойынша цехтың жұмысшылары мен мамандары техниканы жақсы пайдалану үшін жарысқа түсті. Мұның өзі металл лентасының әрбір шаршыметрінен агломератты алты процент артық алуға мүмкіндік берді. Байдоллаев жолдастың стахановтық сменасы күн сайын жоспардан асыра өнім шығаруда.

Үлгілі әзірлеу жолындағы социалистік жарыс жөніндегі бастамасын қолдау туралы

Совет ауданы колхозшыларының, жұмысшылары мен қызметшілерінің мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы социалистік жарысты өрістету жөніндегі облыстың Барлық еңбекшілеріне жазған үндеуін талқылап, облыстық Совет атқомі қаулы етті:

1. Совет ауданының колхозшылары, жұмысшылары мен қызметшілері өкілдерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық еңбекшілерін мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырған үндеуі мақұлданын.

2. Еңбекшілер депутаттарының аудан-

дық, ауыл-селолық Советтерінің атқару комитеттеріне және халық ағарту орындарына Совет ауданы еңбекшілерінің үндеуін 15 июньге дейін селолық Совет сессияларында, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстарында талқылау, сол сыяқты, мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы жаппай социалистік жарысты өрістету, сол арқылы 1952 жылдың жазында мектептердің материалдық базасын едәуір жақсартуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Аудандық Совет атқомдері мен облыстық оқу бөлімі мектептерді жаңа оқу

жылына әзірлеу жұмысына қатысуға міндеттелсін. 4. Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарында Қызыл Ту орденімен марапатталған мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы жаппай социалистік жарысты өрістету, сол арқылы 1952 жылдың жазында мектептердің материалдық базасын едәуір жақсартуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

Пар—мол өнім негізі

Қызу қарқын

Механизаторлармен тығыз байланысқа жұмыс істеу нәтижесінде «Красный агроном» колхозының (Соколов ауданы) мүшелері көктем егісін қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде толық аяқтап, пар жыртуға жұмыла кіріскенді.

Колхозда пар негізінен трактор агрегаттарымен жыртылуда. Сондықтан да мұнда пар жырту жұмысы қызу қарқынмен жүргізіліп келеді. Пар жыртудағы тракторшылардың көпшілігі күндік нормаларын артығымен орындап жүр. Осының арқасында мұнда кәзірдің өзінде 200 гектарға жуық пар жыртылып болды.

Осы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін Налобин МТС-нің П. Квятковский жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары пар жыртуда күнбе-күн өнімді еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетуде. Бұл бригаданың тракторшылары парды тез және сапалы жыртуда:

Ж. АСҚАРОВ.

ГРАФИКТЕН ОЗҒАНДАР

«Новый путь» колхозында (Булаев ауданы) 6 трактормен пар жыртылуда. Оларға тіркелген плугтердің барлығының қосымша түрені бар.

Тракторды толық қуатымен пайдалану және парды теккана қосымша түрені бар плугтермен жырту нәтижесінде № 13 трактор бригадасының механизаторлары А. Кузьменко, сол сыяқты, оның сменашысы Слевако жолдас «НАТИ» тракторымен тәулік сайын 13 гектар орнына, 17 гектардан жер жыртып жүр. Осы сыяқты, 14 бригаданың тракторшылары Николаенко және Маркель жолдас «ДТ—54» трактормен сменалық тапсырмаларын ұдайы 115 проценттен орындап келеді.

Сонымен, колхозда қысқа мерзімге 200 гектардан аса пар жыртылды. Пар жыртумен бірге, оны тырмалау да жүргізіліп жатыр. Пар жыртылған жерлерді тырмалауға бір трактор агрегаты қосылды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Пар жа

Алдағы жолындағы нінше өріс совхозының парын тол

Пар жы көрсеткіште бойына тра жұмысқа қ графиегі т дай механи Федотов жә шыларды к жыртуда е жарым, екі Осымен бір жанар май он күнде б

Бұл күнд ды күту ж жатыр.

ИНДИК ЕҢБЕГІ

Ұлы Отан соғысы туралы“ деген а 10 жыл толуына)

іне төтеп те
ған жоқ, ақыр
андап шықты.
майдандарда
арын тікелей
ас соғыстың
ниесінің арам
яң жоспары
і қамтамасыз
рлық майдан
ди жүргізуге
дың аяқ ше-
п күш топ-
тағаны мәлім.
шымыз Ста-
нассіне: «Сіз-
үшін барлық
ы талп ете-
ына берілмеу
Сталин жол
іа совет хал-

мен жігерлеп
лар және бұ-
ар күш-жіге-
рады қорғау-
ет әскерлері
хи ұлы же-
йқасынан ке-
май, құлды-
Отан соғысы
ары, сөздері
арының са-
ет халықта-
және па-
гүсті. Сталин
ға қарсы кү-
етуге тәрбие-

Теніз Флоты
сы шайқаста
табандылық-
ткендігі ма-

мен жігерлеп
лар және бұ-
ар күш-жіге-
рады қорғау-
ет әскерлері
хи ұлы же-
йқасынан ке-
май, құлды-

Теніз Флоты
сы шайқаста
табандылық-
ткендігі ма-

«Қызыл Армияның қаһармандық күресі мен қатар, совет адамдарының тылдағы жанкыярлық еңбегі, халқымыздың Отанды қорғауда теңдесі жоқ ерлік қыймылы болып тарихтан орың алады, бұлай деп айтуға дәлеліміз толық» (И. Сталин).

Сталин жолдас тарихи тәжірибелерді және ең алдымен совет мемлекеті жүргізуге тура келген соғыстардың тәжірибелерін қорыта келіп, соғыстың таңдағын шешетін негізгі факторларға терең ғылыми жолмен анықтама берді. Сталиннің бұл анықтамалары соғыс туралы марксистік-лениндік ілімге қосылған зор үлес болды. Сталин жолдас анықтаған он факторлар: тылдың қуаттылығы, армияның моральдық рухы, дивизиялардың саны мен сапасы, армияның қарулануы, ақыр аяғында армияның басшы құрамының ұйымдас тырушылық қаблеті туралы факторлар.

Турақты факторлар туралы сталиндік бұл қағиданың теориялық және практикалық орасан зор маңызы бар. Ол — соғыс ғылымын өркендете түсудің жаңа бірлесі, советтік соғыс ғылымын дамыта түсудің кілті болып табылады.

Сталин жолдас өзінің «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» еңбегінде большевиктік партияның және совет үкметінің, бүкіл совет халқының бейбітшілікті, бүкіл халықтар арасында достық ынтымақ тілейтіндігін, совет халқының жауды жеңгеннен кейін халықтардың бейбітшілігін қорғау жолында күресетіндігін айқын атап көрсетті. «Міндет тек соғысты ұту ғана емес, мұнымен қатар, соғыстың мәңгі болмауына, олай болмаған күнде ұзақ дәуір бойына жаңа шапқыншылықтың және жаңа соғыстың тууына мүмкіншілік бермеуде» — деді Сталин жолдас Ұлы Отан соғысы күндерінің өзінде.

Большевиктік партия мен Сталин жол

Оқушылардың жазғы демалысын көңілді өткізу туралы

Өткен жылы жазғы маусымда облысымызда 25 пионер лагері ұйымдастырылып, оларда жұмысшылар мен қызметкерлердің, Отан соғысы мүгедектері мен соғыста қаза тапқан жауынгерлердің 4 мыңға жуық балалары дем алды. Оқу отличниктерінен 4 оқушы Бүкілодақтық «Артек» пионерлер лагерінде болды. Үстіміздегі жылы пионер лагерлерінде дем алушы оқушылар бұдан әлде қайда көп болмақ. Бір ғана «Алтын күз» пионер лагерінің өзінде бір мың оқушы дем алады. Осыған байланысты қалалық, аудандық комсомол комитеттері мен халық ағарту орындары пионер лагерлерінің деркезінде ашылуын қамтамасыз етулері қажет.

Пионерлер мен мектеп оқушыларының демалысының қызықты және пайдалы бір түрі — туристер жорығы мен өлкетану саяхаттарына шығу болып саналады. Өткен жылы жазғы демалыс кезінде мектеп оқушылары 70 рет жорықтар мен саяхаттарға шықты, оларға 1 мың 500-ден астам пионерлер мен оқушылар қатысты. Әсіресе, қаладағы жетіжылдық және орта мектептер оқушыларының облыс табиғатымен танысу жөнінде ұйымдастырылған онкүндік жорығы өте қызықты өтті. 48 оқушы Петропавл—Явленка —Марьевка —Соколовка маршруты бойынша отрядтарға бөлініп жол жүрді. Олар бұл жорықта тарихи орындармен, облыс табиғатымен, жәндіктер дүниесімен танысты.

Өткен жылы 300-ден астам оқушылар экскурсияға барды. Приешім ауданындағы Ново-Никольский балалар үйінің 10 тәрбиеленуші оқу отличниктері Москваға барып қайтты.

Міне, жазғы демалыс кезінде оқушылар арасында олардың демалысын көңілді, мәдениетті және пайдалы өткізу жөнін

де бұл сыяқты шаралар оқушылардың дүниеге көз қарасын, еңбек сүйіштігін арттыруға, инициативасын өрістетуге, саналы, тәртіпті болуға, оқу жылы бойына класта алған білімін нығайтуға зор әсер етті.

Экскурсиялар, туристік жорықтар, саяхатқа шығу оқушылардың туған өлкені тануына көмектеседі, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады және олардың денсаулығын шыңықтырады. Сондықтан қалалық, аудандық комсомол комитеттері халық ағарту бөлімдерімен бірлесіп отырып, экскурсияларды, жорықтарды, саяхаттарды ұйымдастыруға тікелей қатысып, жазғы демалыс кезінде жүргізілетін жұмыстардың бұл түріне оқушыларды неғұрлым көп қатыстыруда мектептердің педагогикалық коллективтеріне көмек көрсетулері керек. Жорықтар мен саяхаттардың маршруты алдын-ала жасалып, мектептің педагогикалық Советінде бекітілуге тиіс. Саяхатқа шығатын отрядтар оқушының жасына және жалпы икемділігіне қарай іріктеп алынуы, саяхаттарды басқаруға тәжірибелі мұғалімдерді бөлу керек.

Коммунистік қоғамның құрылысшылары ден саулығы жақсы, шыныққан, жігерлі, шат көңілді етіп тәрбиелеуде физкультура мен спорттың зор маңызы бар. Алайда, жазғы маусымда балаларға физкультура тәрбиесін беру ісі бізде әлі күнге жолға қойылмай келеді. Облыс комсомол ұйымдары мен халық ағарту бөлімдері мектептер жанынан спорт алаңдарын жабдықтап, жазғы маусымда оқушылар арасында физкультура мен спортты кеңінен өрістету мәселесімен жете шұғылданулары қажет.

З. МАЛАХОВА,

ҚЛҚЖО облыстық комитетінің секретары,

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 июнь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 8 июньде былай деп хабарлады:

Өткен 5 күн ішінде корей Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілерімен тығыз бірлесіп қыймыл жасай отырып, қорғаныс ұрыстарының барысында барлық майдандарда дұшпанның барлық атақаларын ойдағыдай тойтарлы және оны адам күші мен техника жағынан үлкен шығындарға ұшыратты.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атушылар отрядтары Вонсан, Йохун, Нампхо және Анак аудандарындағы елді пункттерді бомбалауға және атқылауға қатысқан дұшпанның 7 самолетін атып түсірді.

Батыс Германия халқы сепараттық соғыс доғоворына қарсы шығуда

БЕРЛИН, 8 июнь. (СОТА). Батыс Германияда еңбекшілердің бонн тобырлары батыс мемлекеттермен соғыс келісіміне қарсы наразылық көрсету қозғалысы барған сайын ұлғаюда. «Нейес дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, Солтүстік Рейн — Вестфалия жерінде болған наразылық демонстрациясы мен еңбекшілер ереуілдеріне 700 мыңнан аса адам қатысқан.

Батыс Германияның еңбекшілері кәсіподақ басшыларынан бонн өкмет орындарының саясатына қарсы күрестің құралдарын қолдануды табандылықпен талап етуде.

«Нейес дейчланд» газеті Бавария кәсіподақтарының басшы қайраткерлерінің «кәсіпорындарындағы жұмысшылардың жағдайы туралы заңға» және Аденауэрдің милитаристік саясатына қарсы қыймыл жасау

ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН

КОЛХОЗ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

осқалары оқыған материалын жақсы үлгеріп, терең білім алғандығын байқатты.

Партия тарихын үйрену жөніндегі үйірмелерде қорытынды сабақ басталды.

мелер мен саяси мектептерде де бірінші қорытынды сабақ болып өтті.

тің бірі болып отыр.

Колхоздың физкультурамен шұғылдану-

рын жүргізу, жастар ма тапсыруға дайы спорт қоғамының ж мәселесімен шұғылда комсомол ұйымының Мендібаев жолдас), комитеті мен физкул тінің де «колы тиме

Жаңашыл инженер

Біздің Отанымыздың өсу тарихы — адамдарымыздың өсу тарихы, адамдарымыздың творчестволық еңбегінің өсу тарихы болып табылады. Жұмысшы мен инженердің, колхозшы мен агрономның өскендігін олардың советтік технология мен мичуриндік биология ғылымына сәйкес кәсіпорны мен колхоздың өсуіне тікелей байланысты мәселелерді шеше білуінен, оны жүзеге асыра білуінен, саяси белсенділігінен көруге болады.

Саяси белсенділік, жауапкершілігін түсіну — адамдарымыздың дәстүрлі қасиетіне айналып келеді. Мысалға Петропавл паровоз депосының адамдарын алуға болады. Егер 1951 жылы 54 жаңалық ұсыныс өндіріске енгізілсе, 1952 жылдың төрт айы ішінде 45 жаңалық ұсыныс жасалып, оның 18 өндірісте кеңінен қолданылып жүр. 1951 жылғы 54 ұсыныстың 51 қабылданып, олардың авторларына бірнеше мыңдаған сом сыйлық берілген. Жұмысшылар мен инженерлер жасаған ұсынысты пайдаланудан Петропавл депосы бойынша 212 мың сомға жуық мемлекет қаржысы үнемделді.

Депо инженері Саввин — кәсіпорны жаңашылдарының ішіндегі көрнектілерінің бірі.

Михайл Тимофеевич Саввин Ленинградтың темір жол транспорты инженерлері институтын бітіргеннен кейін Петропавл депосына қызметке жіберілді. Одан бері он бес жыл уақыт өтті.

Саввин инженердің міндеті кабинетте отырып, техникалық нұсқау беру, бөлшектің үлгісін сызу, техникалық білімі жеткіліксіздеу адамдарға машинаның құрылысы-

нан түсінік беру ғана деп ойлаған жоқ. Оған балалық шағының өзінде инженер бір жоқ нәрсені табатындай, күрделі бір нәрсені жасайтын адамдай болып елестейтін. Институтта оқып, оны бітіргеннен кейін де инженерлік атақ оған бір үлкен жауапкершілік жүктегендей, одан бір жаңалық күткендей болып көрінді.

Жаңашыл адамға керекті қасиет — күндеп, айлап, жылдап іздену, оқу, зерттеу; адамдардың тәжірибелеріне ғылыми тұрғыдан қарап, оған ғылыми қорытынды жасау.

— Инженер іздену керек, ізденгеннен кейін табу керек, — деп көп ойлады ол. Бірақ, Михайл Тимофеевич негізсіз, бет алды ойлана берген жоқ. Халық шаруашылығына керекті жүкті тасыйтын темір жол транспортында паровозының мәнін түсіну, тіпті көз алдына елестету мүмкін емес. Сондықтан паровоздың жүк тасу күшіне, жүріс жылдамдығына, пайдалану мерзімінің ұзақ болуына теміржолшылардың қатты назар аудармасына болмайды. Ал, Саввин қатардағы теміржолшы ғана емес, темір жол транспортының жоғары дәрежелі мектебін бітірген инженер ғой.

Паровоздың түтін сорғыш доңғалағы турбинадағы бір әлсіздеу түйін. Себебі ол 20—25 мың километр жер жүріп өткеннен кейін түтін сорғыш доңғалақты ауыстыру үшін басы артық ауыр жұмыс жүргізуді керек етеді. Саввин жолдас 1940 жылы түтін сорғыш доңғалақтың жаңа үлгісін ұсынды. Бұл доңғалақтың жұмыс істеуі бұрынғы доңғалақтан жақ-

сы және пайдалану мерзімі екі есе артық. Ол 50—60 мың километр жер жүруге жарайды. Оның үстіне Саввин жолдас үлгісін ұсынған доңғалақ бұған дейін пайдаланып келген доңғалақтан 30 килограмм жеңіл. Әрине, бұл жеңілдік түтін сорғыш турбина подшипниктерінің жұмысын жеңілдетеді, оның пайдалану мерзімін ұзарта түседі. Айталық, егер инженер Саввин ұсынған түтін сорғыш доңғалақтармен жүз паровоз жабдықталған болса, үш тонна металл үнемделеді. Ал, біздің елімізде паровоз жүз емес, мыңдап саналады. Саввин жолдас ұсынған доңғалақ 1941 жылдан бастап 1945 жылға дейін пайдаланылып келді. Нәтижесі көңілдегідей болып, ол мемлекетке үлкен пайда келтірді.

Әдетте бір үлгідегі доңғалақтардың 2—3 жылғы жұмысынан кейін түтін сорғыш турбиналардың жұмысы нашарлап, қосымша жөндеу жұмыстары жиіленеді. Осыдан кейін поездаралық жөндеу жұмысы көбейіп, мемлекет қаржысының ысрабы молаяды. Ал, Саввин жолдас ұсынған түтін сорғыш доңғалақтың жобасы доңғалақтардың ұзақ жылдар пайдаланылуына мүмкіншілік береді.

Саввин табысқа масаттанатын адам емес. Ол кішіпейіл коммунист. Отан тілегі адамдарымыздан үнемі ізденіп, мамандықты жетілдіре беруді талап етеді. Мұны Михайл Тимофеевич жақсы түсінеді. Сондықтан ол қызмет, сенім дәрежесінде болсам екен деп ұмтылады.

Паровоз көп жүк сүйрейтін алып машина. Бірақ, оны осы қалпында мәңгі деп айтуға болмайды. Өмір тілегі мен адамдарымыздың техникалық мәдениеті паровозға да тиісті өзгеріс енгізіп

отырады. Міне, осындай өзгерістің бірі тағы Саввин жолдас енгізді.

Будың суға айналуына байланысты бактан май мен су паровоз казанына өте көп кетіп, қазан май, оның үстіне көмір ұмтағы баттасып, қазан жиі жөндеуге қойылатын болды. Саввин суға айналатын жердегі түтіктің құрылысын мүлдем өзгертіп, қазанның майлануын тоқтатты. Бұл жаңалық ұсыныс 1950 жылы қабылданып, паровоз паркінде жүзеге асырылды. Осының нәтижесінде паровоз қазандарының жөндеуі азайып, оларды пайдалану әлде қайда жақсара түсті.

Саввин жолдас әрқайсысы 50 килограмм, я бір центнер тартатын машина бөлшектері түгіл, металл үгінділерін де іске жаратқысы келіп тұрады. Осы мақсатпен металды кесіп, жонғанда түсетін үгінділерді тазалап, елең, іріктейтін арнаулы машина жасап шығарды. Ол Саввиннің электромагниттік сепараторы деп аталады. Бұл сепаратор болат, шойын үгінділерінен қоланың үгіндісін бөліп алып, тазартады да оны қайтадан қорытуға жөнелтеді. Сепаратор паровоз депосына жылына 45 мың сом пайда келтіріп отыр. Саввин сепараторына дейін болат пен шойын үгінділері қола үгіндісіне араласып, күйіліп жатқан подшипникке кететін, оның тез қажалып тозуына әкеліп соғатын. Қазір болат пен шойын үгінділерінен тазартылғаннан кейін қола үгіндісінен күйілатын бөлшектің сапасы әлде қайда жақсарып, пайдалану мерзімі ұзара түсті.

Қазір инженер Саввин паровоз доңғалағының шыдамдылығының жаңа шараларын ойластыруда.

Ж. МҰЗА ПАРОВ.

«УДАРНИК»

Бүгін және күн са

«БАТЫ

Сеанстар сағат 6-

**ДОЛИНКА
ҚАРАҒАНД
БУХГАЛТЕР
ЩИКТЕР Д
КҮР
ОҚУШЫ.**

Оқуға 7 класс бар 18—35 жастабылланады. Оқу санттарға оқуды ұл сомнан 350 сомға төленеді және т қамтамасыз етіледі.

Күрсті бітірген кемінде үш ж уашылығында қ тағайындалған ұ алады.

Оқуға түсемін рін, өз қолымен мын, білімі тура шірмесін жіберу басталуы жөнінд ганнан кейін ар лы хабарланды Өтіншітер 195 дейін қабылдана Адрес: Қараға ауданы, Долинк лімі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар — 1-87, корректорлар — 1-88, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табы